# ҚАБЫЛДАУ



Қабылдау – ақиқат дүниедегі заттар мен құбылыстардың сезім мүшелеріне тікелей әсер етіп, тұтастай заттық түрде бейнеленуі.

Ал түйсік - сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының жеке қасиеттері мен сапаларының миымызда бейнеленуі.



Бірақ, қабылдау міндетті түрде түйсіктерге негізделеді. Екеуінің де пайда болуы үшін дүниедегі заттар мен құбылыстар адамның сыртқы сезім мүшелеріне тікелей әсер етуі керек.

- Түйсіктер біздің өзімізде болатын болса, ал қабылданатын заттардың қасиеттері мен бейнелері кеңістікте шоғырланады. Түйсіктерден ерекшелейтін қабылдаудағы бұл процесс ***обьективация*** деп аталады.




Әр түрлі анализаторлардың шегінде пайда болатын байланыстар. И.М.Сеченов зат пен кеңістікті қабылдауды көру, сипап сезу, кинестезиялық, есту және т.б. түйсіктердің ассоцияциясымен түсіндірді.

# ҚАБЫЛДАУДЫҢ ҚАСИЕТТЕРІ.

- *Тұтастығы.*

Бейнелі түрде бөлшек пен бүтіннің ішкі органикалық өзара байланысы. Екі аспектісі:

1.Әр түрлі элементтерді біріктіру.

2.Оның құрамдас элементтерінің сапасынан құрылған бүтінннің тәуелсіздігі.





- ***Құрылымдылығы*** қабылдаудың тұтастылығымен тығыз байланысты. Біз белгілі бір обьектіні жеке элементтермен емес, ал тұтас құрылым ретінде қабылдаймыз.



- *Заттылығы*
- Объект жеке физикалық дене болып кеңістікте және уақытта жекеленуі.
- Бұл қасиет фигура мен фонның өзара байланысы кезінде анық көрінеді.
- Заттың қасиеті, заттылығы затпен байланыс кезінде пайда болады, ол адамға қандай да бір қажеттілігін қанағаттандыру үшін қажет.

- **Мағыналылығы**

. Бұл ерекшелікте қабылдаудың түйсіктерден негізгі айырмашылығы жақсы көрінеді. Обьектілердің мазмұнын жақсылап түсінбейінше, оларды белгілі тұжырымдар мен сөз арқылы атамайынша, олар толық қабылданбайды



- *Константтылық*.
- Жағдайдың өзгергеніне қарамастан заттың адекватты қабылдануына мүмкіндік береді.
- Біздің қабылдауымыз белгілі бір шектеуде қабылдаудың жағдайына тәуелсіз олардың көлемін, формасын, түрін заттан тыс сақтап қалады.



**Қабылдаудағы иллюзия.** Түрлі себептерге байланысты шындықтағы обьектілерді қате қабылдауды иллюзия деп атайды. Иллюзиялар сан-алуан себептерге байланысты пайда болады.









- **Апперцепция. Қабылдаудың адамның жалпы психикалық тұрмысы мен өткен тәжірибесінің мазмұнына байланыстылығын апперцепция дейді. Бұл адамға қабылданатын заттар немесе құбылыстар таныс болып, оның бұрыңғы тәжірибесінде кездескен болса, онда адам оларды дұрысырақ, тереңірек қабылдайды.**
- Апперцепция *тұрақты* және *уақытша* болып екі түрге бөлінеді. Тұрақты апперцепция адамның қызығуы мен мамандығы, білімі мен дүниетанымына байланысты болып отырады. Апперцепция затты түрлі жағынан бағалай алу, адамның оны өзінше талқылап, өзінше өз көзқарасын білдіре алуы. әртүрлі иллюзиялардың негізінде адам жаңсақ пікірде болады. Оны *уақытша апперцепция* дейді.

- Қабылдаудың түрлері

- *Кеңістікті  қабылдау:* заттардың формасын, көлемін, тереңдігін және алыстығын, бағытын қабылдау.



*Уақытты қабылдау:* бұл құбылыстар мен оқиғалардың ұзақтығы мен тізбегін бейн



*<u>Қозғалысты қабылдау:</u>* бұл объектінің кеңістіктегі орны мен қалпының өзгерісін бейнелеу.



Обьект қозғалысының параметрлері: жылдамдық, үдеу және бағыт.

Адам обьекттердің кеңістіктегі орын ауыстыруы жөніндегі мағлұматты екі жолмен алады: орын ауыстыру немесе қозғалысты тікелей көру, қабылдау арқылы және белгілі бір уақытта басқа орында болған обьектінің қозғалысы арқылы